

отсутствие прежнего централизованного распределения долгосрочных капиталовложений, было совершенно необходимо привлечение соответствующих инвестиций [3].

С 2001 года объем ежегодного валового притока прямых иностранных инвестиций (ПИИ) стал резко расти и достиг пика в 29 млрд долл. в 2012 году. Средний годовой объем привлеченных ПИИ в период 2001-2020 годов составил 17,6 млрд долл., суммарный объем поступивших инвестиций в этой форме за период 1993-2020 годов превысил 365 млрд долл.

19 ноября 2018 года принято постановление Правительства РК «О некоторых вопросах обеспечения долгосрочной тенговой ликвидности для решения задачи доступного кредитования» № 820. За счет собственных средств Национального банка и средств, находящихся в его управлении, выделены 600 млрд тенге для решения задачи доступного кредитования приоритетных проектов. Тем самым в Казахстане в начале 2019 года стартовала программа «Экономика простых вещей»[4].

В стратегическом плане развития «Казахстан 2050» было отмечено необходимость создания общества благоденствия на основе сильного государства, развитой экономики и возможностей всеобщего труда, хождение Казахстана в тридцатку самых развитых стран мира.

Стратегический план до 2025 года является ответом на новейшие вызовы. Он призван усилить конкурентоспособность Казахстана в новой глобальной конкурентной среде и закрепить за Казахстаном перспективные позиции в новом мировом разделении труда.

Список литературы:

1. Кошанов А. Национальные экономические интересы и отношения собственности. Алматы: Эксклюзив, С. 386–412.
2. Назарбаев Н. А. В сердце Евразии. Алматы: Атамұра, С.155.
- 3.. Назарбаев Н. А. Казахстанский путь. Астана, С.253.
4. Послание Главы государства народу Казахстана от 1 сентября 2021 года <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K210002021>

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ ТУРАЛЫ ҒАЛЫМДАР МЕН ЗЕРТТЕУШІЛЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ КӨЗҚАРАСТАРЫНА ТАРИХИ ТАЛДАУ

Акбарова Ж. А., Асаубаева Ж. И., Увайдолла А. Д.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент, PhD доктор Жылқышыбаева Қ.Қ.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Электрондық адресі: akbarovazhan1@gmail.com , zhasmin.asaubayeva@mail.ru ,
technos01231@gmail.com

Алматы қ.

XV ғасыр Еуразия даласындағы көптеген мемлекеттер үшін бетбұрыс кезеңі болып табылды. Бұл бірқатар түркітілдес мемлекеттердің пайда болған кезеңі. Дәл осы сәтте әлем картасындағы ең ірі держава Қазақ хандығы дүниеге келді. Қазақ хандығының құрылуы Қазақстанның тарихы үшін үлкен орын алатын белесті кезең. Сол үшін де ұлтымыздың ұлт болып қалыптасуына зор үлес қосқан Қазақ хандығы тарихын зерделеу тарихшылардың да, әрбір қазақ азаматының да міндеті болып табылады.

Сондықтан мақаламызда Қазақ хандығының құрылуы мерзіміне қатысты тарихшы-ғалымдардың еңбектеріне тарихи талдау жасауды мақсат еттік.

Қазақ хандығының құрылу кезеңіне қатысты тарихнамада бүгінгі күнге дейін бірнеше негізгі көзқарастар мен пікірлер айтылған. Қазақ хандығының құрылу кезеңін зерттелуін 4-кезеңге бөліп қарастыруға болады.

Ең алғашқы уақытта қазақ хандығының құрылу тарихы Ресейде ХІХ ғасырдың 60-жылдарынан бастап зерттеле бастады. Содан бері 160 жылға жуық уақыт өтсе де, ол арнайы жеке тақырып ретінде қарастырылмады. Оның басты себебі тақырыпқа қатысты деректердің өте аз мөлшерде болуы еді. Дегенмен, әр тарихи кезеңде тақырып бойынша зерттеулер жүргізген тарихшылар оның әртүрлі мәселелерін шешуге қатысқан болатын. Біз тақырыпты зерттеу барысында хронологиялық тәртіпте бірнеше кезеңге бөлеміз. Бірінші кезең тарих ғылымындағы мәселенің бірінші көтерілуінің басынан ХХ ғасырдың 20-жылдарының аяғына дейінгі аралықты қамтиды. Осы кезеңде мәселе бойынша зерттеулер жүргізіп немесе өз еңбектерінде мәселенің кейбір тұстарын жариялаған зерттеушілерге біз: В.В. Вельяминов-Зернов, В. В. Радлов, Н. А. Аристов, И. И. Крафт, В. В. Бартольд, Ш. Құдайбердіұлы, А. П. Чулошников, М. Тынышпаев және басқалары жатқызамыз. Бірінші кезеңде тақырыпты зерттеуге келетін болсақ, келесі сұрақты ерекше атап өтеміз. 1864 жылы жарық көрген “Исследование о Касимовских царях и царевичах” атты үш бөлімнен тұратын жұмыстың екінші бөлімінде В.В. Вельяминов-Зернов алғаш рет орыс тіліне аударып, қазақ сұлтаны Оразмұхаммедтің шығу тегін анықтау кезінде парсы тіліндегі “Тарих-и Рашиди” мәліметтерін ғылыми айналымға енгізген. Қазақ хандығының пайда болу күнін анықтау үшін, ең алдымен, хандықтың құрылуындағы маңызды буынға айналған оқиға Керей мен Жәнібектің Жетісуға көшу уақыты туралы мәселені қарастыру қажет. Өздеріңіз білетіндей, Дулат тайпасынан шыққан Мұхаммед Хайдардың “Тарих-и Рашиди” шығармасында бұл оқиға, басқалары сияқты, нақты белгіленбеген. Көбінесе Мұхаммед Хайдар Дулати оқиғаның уақытын анықтай отырып, былай жазған: «Сол кезде ...», «сол көктем ...», «сол жыл туралы ...» және т.б. Бұл фактіні көптеген зерттеушілер атап өтті. Соның бірі, тарихшы Берекет Кәрібаев өзінің осы Қазақ хандығының құрылуы туралы берген сұхбатында: Қазақ сұлтандарының билікке келген жылы хижраның 870 жылы қазіргі 1465-1466 жылдарға сәйкес келеді. Ал М. Х. Дулатидің ерекшелігі осы өзінің еңбегін жазу барысында өзі күмән келетіретін оқиғаның уақытын 10 жылға дейін жуықтап берген екен. Ал сөз соңында «анығын бір Құдай біледі» деп аяқтаған. Негізінен «Тарих-и Рашиди» еңбегі 2 бөлімнен тұрады ол бірінші тарихи, екінші мемуарлық. Дәл осы мемуарлық бөлімде ол өзінің көрген, білгендерін жазған. Ал тарихи бөлімде ол кісі өзі өмірге келмей тұрып болған 100-200 жыл бұрынғы оқиғаларды әрине зерттеп салыстырып жазған.

Қазақ хандығы 1465-1466 жылдары құрылды деген «Тарих-и Рашидидегі» дерекке С.Г.Кляшторный, Т.И.Султанов, С.Ибрагимов секілді ғалымдар сенімсіздік көрсетіп күдікпен қараса, орыс тарихшысы В.В.Вельяминов-Зернов өзінің «Исследование о Касимовских царях и царевичах» деген еңбегінде: «Тарих-и Рашидидегі» Қазақ хандығының құрылуы жөніндегі тарихи деректерге мүлтіксіз сенуді ұсынады. [1; 141 б.]. Ғалым Қ.А.Пищулина да «Қазақ хандығының құрылу уақытын шамамен ХV ғасырдың 60-жылдардың екінші жартысында ғана анықтауға болады», - деп есептейді, бұл оқиға хижраның 870 жылы. (1465-1466), сондықтан Мырза Хайдар ұсынған, жазбаша дереккөздердегі алғашқы және жалғыз дата әбден қолайлы. [2, 262 б.], - деген пікірін ұсынады. - Яғни Қазақ хандығының құрылған жылын 1465 жылдары деп жазады.

М. Х. Әбусейітованың негізгі зерттеу объектісі ХVІ ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстан тарихының саяси мәселелері болса да, ол Қазақ хандығының құрылуы мәселесіне қысқаша болса да тоқтап өтеді. Ол өзіне дейінгі беделді авторлардың пікірлеріне шолу жасай келе, хандықтың нақты құрылған жылы жөнінде ғылымда бекіген дата жоқ деген тоқтамға келіп, Керей мен Жәнібектің Әбілхайыр хандығынан бөлініп кетуі ХV ғасырдың 50-жылдарының екінші жартысында жүзеге асқан, ол хандықтың құрылған жылы деп 870 (1465–1466) жылды қолдайтынын білдіреді [3, 39–40-б.].

Тақырыпты зерттеудің екінші кезеңіне 30-40 жылдардағы зерттеулер кіреді. Осы кезеңде мәселені зерттеуге С.Д. Асфендияров, М. П. Вяткин және 1943 жылы жарық көрген “Қазақ КСР тарихында” тақырыбын жазған авторлар қатысты. Осы екінші кезеңде мәселені зерттеу барысында келесі жетістіктерге қол жеткізіледі:

1) ортағасырлық кезеңдерге жататын әр түрлі тілдерде алғаш жазылған жазбаша деректер топтастырылады және жеке жинаққа енгізіледі. Бұл жинаққа қазақ хандығының құрылу тарихы бойынша "Тарих-и Рашиди" деректерінен басқа көптеген деректер кіреді;

2) Қазақ хандығының құрылуы - Қазақстан аумағындағы өзбек және Ноғай хандықтары арасындағы феодалдық даулардың, Ежен және Шибан Орда әулеттері арасындағы феодалдық күрестің нәтижесі;

3) Моғол аумағында құрылған алғашқы Қазақ хандығы – Жәнібек хан Моғол билеушісіне байланысты болды деп айтылды.

А.П.:Чулошниковтың көзқарасын 20 ғасырдың 50-60 жылдары зерттеушілердің көпшілігі қолдаған,оның пікірінше Қазақ хандығының құрылуы 16 ғасырдың басында Мұхаммед Шайбани хан мен оның жақтастары Қазақстан жерінен Орталық Азияға кеткеннен кейін болған. [4, 200-203 б.]. Демек, Қазақ хандығының құрылу кезеңін XVI ғасырдың басы деп санайды.

Тақырыпты зерттеу тарихының үшінші кезеңіне XX ғасырдың 50-80 жылдарындағы зерттеулер кіреді. Бұл кезеңнің басты ерекшелігі - тарихшы-мамандар тақырыппен айналысады және ғылыми айналымға жаңа мәліметтер енгізіледі. А. А. Семенов, В. Ф. Шахматов, С. К. Ибрагимов, П. П. Иванов, К. И. Петров, М. Г. Сафарғалиев, Б. А. Ахмедов, В. П. Юдин, Т. И. Сұлтанов, М. Х. Абусейтова сияқты зерттеушілер осы кезеңде тақырыпты терең зерттеуге өз үлестерін қосуда және олар мәселені кешенді шешуде үлкен жетістіктерге жетуде. Үшінші кезеңде тақырып бойынша жаңа сұрақтар қайта көтеріліп, кейбір мәселелер бойынша пікірталас жүріп жатыр. Жалпы, үшінші кезең бойынша тақырыпқа қатысты келесі сұрақтарды бөліп көрсету қажет.

1) Көптеген ортағасырлық деректер ("Таварих-и гузида-и нусрат-наме", "Фатх-наме", "Шайбани-наме", "Зубдат әл - асар", "Тарих-и Абулхайр-хани", "Бахр әл-асрар фи манакиб әл-ахиар", " Тарих-и Қыпшақтар", "Михман Наме-и Бұхара" және т. б.), бұл тақырыпты жан-жақты және кеңінен зерттеуге мүмкіндік туғызады;

2) Зерттеушілердің бір тобы (А. А. Семенов, В. Ф. Шахматов, С. К. Ибрагимов) Керей мен Жәнібек негізін қалаған Қазақ хандығын феодалдық меншік деп санаса, ал тарихшылардың екінші тобы (В. П. Юдин, Т. И Сұлтанов және т. б.) оны жеке мемлекет деп таниды;

3) Осы кезеңде Моғол аумағында құрылған Қазақ хандығының мемлекеттік мәртебесіне қатысты көптеген даулар бар;

4) Қазақ хандығының құрылған жылы төңірегінде қарама-қайшы пікірлер айтыла бастайды. Егер үшінші кезеңге дейін Қазақ хандығы 1456 жылы құрылған деген пікір басым болса, онда осы жылдардағы зерттеулерде ол 1465-1466 жылы құрылған деген пікір басым болады. Сонымен бірге, Қазақ хандығы 1470 жылы құрылған деген пікір бар (Т. И. Сұлтанов).

5) Қазақ хандығының қалыптасуы осы өңірлердегі тарихи дамуға байланысты Шығыс Дешті Қыпшақ және Моғолстан, Мәуереннахр өңірлеріндегі саяси даму шеңберінде қаралады.

Тарихшы Т.И. Сұлтанов пен қырғыз академигі О.К.Қараевтың ойынша, Керей мен Жәнібектің жақтастары Қазақ хандығын Әбілқайыр өлгеннен кейін ғана құрып, Жетісудан Дешті Қыпшақ жеріне оралып, «яғни XV ғасырдың 70-ші жылдардан ерте емес», шамамен 1470-1471 деп белгілейді [5, 37 б.].

С.К. Ибрагимов 16 ғасырдың 30-40 жылдарында Жәнібек пен Керей ұрпақтарының Әбілқайыр ұрпақтарымен және маңғыттармен күресі аяқталды, содан кейін 15 ғасырдың аяғында пайда болған қазақтардың бірнеше дербес иеліктері болды деп есептеді, олар кейіннен бір мемлекет болып, Қазақ хандығына біріктірілді [6,179-180 б.]. Яғни, Қазақ хандығының құрылуын XVI ғасырдың 30-40 жылдарына жатқызады.

Нақты Қазақ хандығының құрылуы мәселесіне байланысты В.П. Юдин өзінің «Историографическая концепция автора «Тарих-и Рашиди» Мырза Мұхаммед Хайдар доглета» атты мақаласында мынадай өте маңызды пікірді білдіреді. Мұхаммед Хайдар Керей мен Жәнібектің көшуін Есенбұға ханның билігі тұсында болғандығын нақты жазады да, қазақ хандарының билігі 870 (1465–1466) жылдан басталғандығын айтады. Бірақ та Есенбұға ханның 1461-1462 жылы қайтыс болғандығына қарағанда, Керей мен Жәнібектің көшіп кеткен жылы – 1465–1466 жыл бола алмайды. Мұхаммед Хайдар 870 (1465–1466) жылды Әбілхайыр

ханның қайтыс болған жылы деп есептеп, Керей мен Жәнібектің Шығыс Дешті Қыпшақтағы билігі осы жылдан бастап басталған деп санаған. Қазір Керей мен Жәнібектің Моғолстанға келуін 1461–1462 жылға дейін болған деп нық сеніммен айтуға болады. Осылайша, В.П. Юдин бұған дейін Қазақ хандығының құрылған жылы немесе Керей мен Жәнібектің Моғолстанға көшіп келген жылы туралы айтылып келген әртүрлі пікірлердің негізсіз екендігін дәлелдеп берді. Кейіннен бұл пікірді шығыстанушы Т.И. Сұлтанов негізге алып, оны одан әрі қарай нақтылай түсті. Жалпы В.П. Юдиннің Қазақ хандығының құрылуы жөніндегі ойларын қорыта келе, олар әлі күнге дейін өзінің құндылығын жоғалтқан жоқ, соларды негізге алып, зерттеуді одан әрі тереңдете түсуге болады деп есептейміз [7, 195-б.]. Яғни, Қазақ хандығының құрылған жылын 1461-1462 жылдар деп көрсетеді.

Қазақ хандығының құрылу тарихнамасының соңғы кезеңіне ХХ ғасырдың 90-жылдарынан бастап бүгінгі күнге дейінгі уақыт жатады. Бұл кезең кейде нақты кезең деп аталады. Бұл кезеңнің басты ерекшелігі - әлеуметтік ғылымдар, оның ішінде тарихи ғылымдар, көпжылдық марксистік-лениндік көзқарастарға негізделген теориялар мен әдіснамалық ұстанымдардан босатылып, жалпы адамзаттық дамуды объективті түрде қарастыратын теориялар мен әдістемелерге жүгінеді. Қазіргі кезеңдегі Қазақ хандығының құрылуы мәселелерімен айналысып жүрген тарихшыларға Б.Е. Көмеков, Ә. Хасенов, С. Жолдасбайұлы, З. Қинаятұлы, Қ. Өскенбай, Н. Атығаев және т.б. жатады. Сондай-ақ мәселенің әртүрлі қырлары М. Әбдіровтың, Г.Е. Сабденованың, Е. Бұлановтың және т.б. тарихшылардың зерттеулерінде қарастырылады. Осы кезеңде тақырыптың мынадай мәселелері жөнінде зерттеулер жүргізіліп, ой-пікірлер мен тұжырымдар айтылды:

1) хандықтың құрылған жылына байланысты әр түрлі пікірлер қайта көтеріледі, тарихшылардың пікірлері келісілмейді, мәселе шешілмеген күйінде қалады;

2) Қазақ хандығының құрылуын Шығыс Дешті-Қыпшақ пен Мауэрэннахрдың, Моғолстанның және оған іргелес өңірлердің тарихи дамуымен байланыстыру әрекеттері;

3) қазақ халқының қалыптасуы мен хандықтың қалыптасуы бір кезеңде жүзеге асырылды деген пікірлер айтылды;

4) "Қазақ" сөзінің мағынасы мен мазмұны, осы сөздің шығу тегі туралы мәселесі осы тақырыпқа байланысты қайтадан күн тәртібіне қоя бастады;

5) Осы кезеңнің басты жаңалығы - Мұхаммед Хайдар Дулатидің "Тарих-и Рашиди" шығармасы алғаш рет ғылыми негізде орыс және қазақ тілдеріне толық аударылып, жан-жақты жарияланды.

Қ. Данияров үшінші қазақ мемлекеті (бірінші қазақ мемлекеті – Шыңғыс хан мемлекеті, екіншісі – Ұлыс Жошы мемлекеті) деп атаған тәуелсіз Қазақ хандығының 1480 жылы құрылғанын алға тартады [8, 34-35 б.].

Қазіргі қазақстандық тарихи әдебиеттерде ортағасырлық осы қазақ мемлекетінің пайда болу тарихы төмендегідей баяндалады. 1457 ж. жеңілісінен кейін «Көшпелі өзбектер мемлекетінің» билеушісі Шибан ұрпағы Әбілқайыр ханның қоластындағы Керей мен Жәнібек хандар оған қарсы бүлік шығарып, біраз Өзбек тайпалары Моғұлстанға көшіп кетті. Уақыт өте келе олар осы жерде Қазақ хандығын құрды. Н. Атығаев бұл көзқарасты сынға алып, жазбаша және ауызша деректерге, тарихнамаға талдау жасай келе, Қазақ хандығының құрылу қарсаңындағы оқиғаларға жаңа көзқарасты ұсынады. Оның пікірінше, Ақ Орда мемлекеті құлағаннан кейін Керей мен Жәнібек сол тұстағы осы мемлекеттің саяси және экономикалық орталығы болған Түркістанның кейбір аудандарында биліктерін сақтап қалды. Сырдария бойындағы кейбір қалаларға (Сайран, мүмкін Сығанақ) иелік ете отырып, олар Әбілқайырдың билігін мойындамай, оған қарсы күресті жалғастырды. Дегенмен, уақыт өте келе, Керей мен Жәнібек Шибан ұрпағына қарсы тұруға мүмкіндіктері болмағандықтан, Моғолстанның билеушісі Есенбұға ханның билігін мойындады. 1459 ж. олар Сырдария аймағын тастап кетіп, Моғолстанға көшуге мәжбүр болды. Уақыт өте келе, Жетісудың батысына әбден орнығып алғаннан кейін, 1465 жылы шамасында Керей мен Жәнібек Қазақ хандығын құрды. Осы кезеңнен бастап қазақ мемлекеттілігі мен қазақ халқы тарихындағы жаңа дәуір бастау алады.

1993 жылдың шілде айынан бастап алғашқы саны оқырмандар қолына тиген «Қазақ тарихы» журналы тарихшылардың назарын Қазақ хандығының құрылған жылын нақты анықтауға шақырады. Осыған орай тарихшы Ә. Хасенов журналдың осы санында «Қазақ хандығы қай жылы құрылды?» атты мақаласын жариялады. Онда ол хандықтың құрылған жылы және жалпы қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты бірнеше мәселені көтерді. Олар мыналар: а) Ақ Орда ханы Барақ хан өлген соң тақ иесіз қалды деп ешбір дерек айтпайды. Олай болса, Барақтың мұрагері тақты иеленуі әбден мүмкін, бірақ ол Ақ Орда деп аталады ма, әлде Қазақ Ордасы деп аталады ма ол жағы бізге белгісіз; ә) Ақ Орда мен Алтын Орда халқының көпшілігі Ноғай-қазақтар болып, 1445 жылы Ұлық-Мұхаммед хан немесе Орманбет би өлгеннен кейін қазақтар мен ноғайлар бір-бірінен ажырайды да, ноғайлар (татарлар) бірнеше ұсақ хандықтарға бөлініп кетеді. Ал қазақтар Керей ханның бастауымен туған елге бет бұрып, Шу, Қозыбасы жаққа қайта оралады; б) Керей хан Шу мен Қозыбасы өңіріне келгенге дейін-ақ «Қазақ» атанған және деректе айтылғандай ешкімнен қорқып, ығып, қашып-пысып келмеген. Ал Қазақ хандығының нақты құрылған жылын Ә. Хасенов: «... моңғол шапқыншылығынан кейін қазақ мемлекетінің шаңырақ көтеруін Ұлық-Мұхаммед хан өліп, қазақ ұлысының жекеленіп шыққан, содан былайғы жерде не Әбілхайыр ордасына, не Моғолстан мемлекетіне бағынбай дербес өмір кешкеннен кейін 1445 жылдан бастау керек-ау деген ой қорытуға болады» – деп түсіндіріп, қорытындылайды [9, 39-41-б.]. Демек, Қазақ хандығының құрылу уақытын 1445 жыл деп белгілейді.

Жалпы, тіпті қазіргі кезеңде де зерттеушілер тақырыптар ашуды іздейді, оның әртүрлі мәселелерін анықтайды. Бірақ тақырып толығымен зерттелді деп айтуға әлі ерте.

Қазақ хандығының құрылуы жөніндегі әр түрлі пікірлерді талдап саралай келе, «Тарих-и Рашидидегі» дерек дұрыс-ау, деп ойлаймыз. Себебі, «Тарих-и Рашиди» авторы М.Х.Дулати Керей мен Жәнібек сұлтандардың Әбілқайыр ханнан бөліне көшу себептерін және даталы уақытын анық көрсетеді. Басқа бірде бір тарихшы, Қазақ хандығының құрылған жылын нақты көрсете алмаған. Көптеген тарихшылар мен зерттеушілерде осы М.Х.Дулатидің “Тарих-и Рашиди” еңбегіне мүлтіксіз сенуді ұсынады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Абусейтова М.Х. Казахское ханство во второй половине XVI века. – Алматы, 1985.
2. Ақышев К. Хабдулина М. XV – XVI ғасырлардағы Қазақ мемлекеті: этникалық аумақ, мәдениет ескерткіштері. Еуразиялық қоғамдастық: қоғам, саясат, мәдениет. №1 (21), 1998.
3. Аманжолов К. Р. Түркі халықтарының тарихы «Білім баспасы» - Алматы, 2002.
4. Данияров К. Қазақстанның балама тарихы. А., 1998.
5. Ибрагимов С. К. XV ғасырдағы Қазақстан тарихына // кеңестік және шетелдік Шығыс елдерінің филологиясы мен тарихы мәселелері. Ред. И. Орбели. Мәскеу, 1961.
6. Хасенов Ә. Қазақ хандығы қай жылы құрылды? // Қазақ тарихы. – No1. 1993.
7. Чулошников А. П. басқа түркі тайпаларының ортақ тарихи тағдырына байланысты қазақ-қырғыз халқының тарихы туралы очерктер. Орынбор, 1924.
8. Юдин В.П. Центральная Азия в XV–XVIII веках глазами востоковеда. – Алматы, 2001.